

І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024оқу жылындағы кітапхананың мәдени - көпшілік жұмыстары мен “Оқуға құштар мектеп”жобасы бойынша кітапхананың жүргізілген жұмыстары жайлы

Мәліметі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. “Оқуға құштар мектеп” жобасы оқушылардың, мұғалімдердің, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған. Оқу жылының басында жоба бойынша мектептің жұмыс жоспары бекітілді. Жоспар бойынша бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылып, іс-шараға оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер жұмылдырылды.

Бүгінде *Оқуға құштап мектеп* бұрышы мектеп кітапханасында қабырға бұрышы, кітап көрмесі дайындалып, іс-шаралар жыл бойы үздіксіз өткізіліп келеді. Арнайы кітапхана қорына енгізілген көркем-әдеби шығармалардың авторлардың мерейтойлары аталып өтілуде.

Қыркүйек айында: 4-қыркүйек күні, Қазақстан халқы тілдер мерекесіне орай *Туған тілім – тірлігімнің айғағы* атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «**Оқуға құштар мектеп**» жобасы аясында «Оқы және өзгеге сыйла» Буккроссинг планетаны аралайды.Өзің оқығанды өзгеге табыста негізінде кітап алмасу "Bookcrossing" кітап бұрышы жасалынды.

Қазан айында: Мектептің кітапханасында *1-қазан қарттар күніне "Қарттарын қадірлеген ел ардақты"* атты көрме ұйымдастырылды. Бұл мереке алдымен Еуропада, содан кейін Америкада және 80 -жылдардың аяғында бүкіл әлемде тойлана бастады. 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы 1қазанды Халықаралық қарттар күні деп санауға шешім қабылданған.

5 қазанда мұғалімдердің кәсіби мерекесі – Мұғалімдер күні аталып өтіледі. Осыған орай "*Ұстазым ұлағатым*" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қазақтың зиялылары, аса көрнекті ағартушы -педагог Ы.Алтынсарин, ақын, ағартушы А.Құнанбаев,көрнекті жазушы М.Жұмабаевтың кітаптары ұсынылды.

Ұстаздар мерекесіне арнап кітапхана оқырман оқушылары ұстаздарына арнап құттықтау өлең жолдарын оқыды

«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы).

12 қазан күні кітапханамызда Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туылғанына 135 жыл толуына 6 - сынып оқушыларымен дөңгелек үстел болып, өмірі мен қызметі, шығармаларына библиографиялық шолу жүргізіліп, "Адалдықты үндеген Жүсіпбек Аймауытов" атты көрме ұйымдастырылды.

19-қазан «Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жылдығына 9-10 сынып оқушыларымен әдеби оқу сағаты болып өтті.

23 қазан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасынның оқу залында 25- қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған *Қазақ елі менің - Отаным* атты көрме дайындалды.

Оқулықты күтіп ұстау мақсатында *Оқулықты қадірлейік!* рейд жүргізілді.

Қараша айында: "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында *Күзде біз жалықпаймыз* күзгі каникулда кітап оқимыз марафонына қатысып оқушыларымыз демалыстарын кітап оқып тиімді пайдаланды.

«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы) аясында Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай 10 сынып оқушыларының қатысуымен –*Ұлтын сүйген ұлы жүрек* тақырыбында әдеби поэзиялық кеш өткізілді.

Ашық есік күні: *Кітаптар әлемге жол ашады*, «Білім кілті - кітапхана» атты 1-сынып оқушыларымен кітапханаға саяхат сабағы 8.12.2023 жылы жүргізілді.

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының 30 жылдығына арналған кітапхана оқу залында «**Ұлттық теңге - ұлт мақтанышы**» атты көрме жасалынып, оқырмандарға кітапханашы Даужанова И. көрмеге библиографиялық шолу жасады.

«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы) 16.11.2023 ж. мектеп кітапханасының оқу залында Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай "Әлемі бөлек - Оралхан" тақырыбында *Қар қызы* шығармасымен оқырман конференциясы 8 - сынып оқушыларымен өткізілді. Сынып жетекшісі Пернебаева Г.

«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 2023 жылдың 29 қарашасында қазақтың көрнекті ақыны, демократ, педогог, публицист және қоғам қайраткері Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920)

туғанына 130 жыл толуына орай "Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын" атты көрме ұйымдастырылды. Кітапханашы оқушыларды көрмемен таныстырып, оқырмандарға ақынның шығармаларын оқуға кеңес берді.

Желтоқсан айында:

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Мен оқимын, сенде оқы» кітап оқу сағаты. Үзілісте ақын жазушылардың шығармаларын оқу ұйымдастырылды. Шараға 4-сынып оқушылары қатысты. Оқушылар өз оқыған кітаптарынан түсінік айтып ойларымен бөлісті.

16 желтоқсан Қазақстан республикасының Тәуелсіздік күніне орай 13 желтоқсан күні "Тәуелсіздік ата-бабам арманы" және "Тәуелсіздік - ел бақыты" тақырыптарында кітапханалық көрме жасалынып, жалпы оқырманға арналып ұйымдастырылды. Мақсатымыз: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін айтып, жас ұрпаққа желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсете отырып елін, жерін сүйуге Отанын қастерлеуге тәрбиелеу

I. Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында "Кітап оқитын адам - табысты адам" **Балалар кітапханасы** жобасы аясында "Әкем, анам және мен отбасымыз оқырман" тақырыбында отбасылық сайыс жүргізілді. Мақсатымыз: Оқушылардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін іздепаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, кітап оқуға баулу. Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру.

Қаңтар айында: *Мен оқыған бір кітап*- «Әжемнің ертегілері» бастауыш сынып оқушылары *Кітаппен өткен демалыс күнімқызықты* канукулда оқу марафоны қашықтықтан кітап оқу айы болып өтті. Сонымен қатар Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша Бердібек Соқпақбаевтың 100 жыл толуына «Бір ел - бір кітап» акциясы аталып өтуде, саған *Балалар әдебиетінің атасы* атты дөңгелек үстел жүргізілді. *Кітап алтын қазына* ашық есік күні болып 1 сынып оқушылары кітапханаға саяхат жасады. 23.01.2024 жылы Оқуға құштар мектеп жобасы аясында *Парасаттылық туралы* тақырыбы бойынша *Парасат - ақыл мінез жарастығы* пікірлесу сағаты болып өтті.

Ақпан айында: *Балалар кітапханасы* жобасы, мектепалды сыныппен *Мақал-сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы* ертеңгілік болып өтті. Кітапхана оқу залында *Жырлайды жүрек* Мұқағали Мақатаевқа көрме жасалынды. 21.02.2024 жылы Абайдың *Толық адам* ілімі бойынша Ұлттық мәдениетті

дәріптеу жолында дөңгелек үстел 10 сыныппен өтті.28.02.2024 жылы *Сүйікті кітабым* көрме жасақталды оқу залында.

Наурыз айында: 1 наурыз – Алғыс айту күні *Сүйікті кітабыма мың алғыс* *Алғыс айту парызым* көрме. «Балалар кітапханасы» жобасы «Жарқ ете қалсам,найзағай болып...» 01-/31 .03. 2024 Менің сүйікті кітабым: Библио кросс: челлендж «Кітаппен өткен күнім қызықты» болып өтті. «Оқуға құштар –мектеп» жобасы *Балалардың оқу айы* Мен әлемді кітаппен ашамын: Кітаппен өткен демалыс., Көктемгі демалыс кезінде кітап оқу. Марафон 2-10 сынып 21.03.-31.03.24 болып өтті

Сәуір айында: «Оқуға құштар-мектеп»

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні *Сиқырлы кітап әлемі* Ертегі оқу сағаты 4 сынып. **12-сәуір «Ғарыш күні»** "Ғарыш кеңістігіне жол" тақырыптық көрме. 23-сәуір Дүниежүзілік кітап күні мерекесіне арналған «Кітап рухани құндылық» НЗМ -нің әдіс тәсілдерін пайдалану: ойын арқылы кітапханаға оқырман тарту.Әдеби вернисаж 9-сынып. *Оқуға құштар мектеп* «Кітапханаға саяхат» («Жеткіншектің жеті жарғысы»): кітапханалық-библиографиялық сабақтар жүргізу 7 –сынып.

Мамыр айында: 1 мамыр - Бірлік, Ынтымақ күні *Ұлттар достастығы* көрме, 9 мамыр Ұлы жеңіс күні *Ұлы жеңіс ұрпаққа аманат*көрме, 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні«Оқитын отбасы» бенефис «Отбасы махаббат пен адалдықтың бұлағы» ВООК start сурет,бейне түсірілім, оқылған кітаптары бойынша сұхбат. Автоматтандырылған жүйе бойынша Білім және ғылым министірлігі ұсынған оқулықтар тізімімен келесі оқу жылына оқу әдебиеттерін алуға тапсырыс жасалынды. 17.05.2024ж Буккроссинг*Каникулда кітап оқиық* іс-шарасы ұйымдастырылды. Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады. Біз кітап оқитын ұлтқа айналуымыз керек екендігін насихаттай береміз

Кітапханашылар Сейсенбаева Қ.

Даужанова И.

***Балалар кітапханасы*жобасы аясында Қазақ халқының лирик ақыны Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай өткізілген «Ұлтын сүйген ұлы жүрек» атты әдеби поэзиялық кеш**



***Балалар кітапханасы*жобасы аясында Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына арналған *Бір отбасы - бір кітап*отбасылық және әдеби оқу сағаты**



1 – сынып оқушыларын Кітапханамен таныстыру мақсатында ұйымдастырылған «Білім кілті - кітапхана» атты саяхат сабақ



Қысқы каникул кезіндегі «Мен оқыған бір ертегі» атты марафонына




Тілдер мерекесі және Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай
«Туған тілім – тірлігімнің айғағы» тақырыбында өткен кітап көрмесі



***Балалар кітапханасы* жобасы аясында Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай өткізілген «Әлемі бөлек - Оралхан» атты TEDx**



Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай
"Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын" атты көрме



«Мен оқимын, сенде оқы» үзілісте кітап оқу сағаты



«Әкем, анам және мен отбасымыз оқырман» отбасылық сайыс



Бір ел-бір кітап акциясы : Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары ұсынылғанын таныстырып, шығармаларына қысқаша библиографиялық шолу жүргізілді. ***Менің атым Қожа*** повестіне дөңгелек үстел



«Парасат- ақыл - мінез жарастығы» атты пікірлесу сағаты



28 ақпан күні барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігі әзірлеген "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасын іске асыру мақсатында республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының "Оқуға құштар мектеп" республикалық челлендж



Абайдың «Толық адам» ілімі атты дөңгелек үстел



«Жарық ете қалсам, найзағай болып» атты библио кросс челлендж



Өмірбаяны


Мүсірепов, Габит Махмұтұлы (22 наурыз 1902 - 31 желтоқсан 1985) - қазақтың халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақ КСР ҒА академигі (1985), Социалистік Еңбек Ері (1974), Қазақстан халық жазушысы



ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ РОМАН

ГАБИТ МҮСІРЕПОВ

Қазақ солдатын романын майдан шындығы туралы көрініс тапқан патриоттық тақырыптағы туынды. Бұл шығарма бүкіл қазақ әдебиетінің проза саласында екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған тұңғыш туынды және жазушы Габит Мүсіреповтің тұңғыш романы. Шығарма қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбында жазылған таңдаулы шығармалардың санатынан лайықты орнын алған аса елеулі еңбек болды.



«Сиқырлы кітап әлемі» кітап оқу сағаты



«Бәрін білетін кітаптар» атты библиографиялық сабаққа



«Кітап тарих - кітап шежіре» атты әдеби вернисаж сағаты

